

Кәрім атындағы жалпы орта мектебі

Кәрім атындағы жалпы орта мектебі

6-СЫНЫП

Математикалық ойын

Дайындаған: Нұрлыбаев Ерлан



Математикалық ойын

Тақырыбы: «Талаптың мініп тұлпарын ...»

Мақсаты: 1. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, математикалық ойлау қабілетін шығармашылық белсенділігін дамыту, логикалық және қызықты математикалық есептермен ойындармен

таныстыру,

2. Оқушылардың еріктілігін пәнге, деген қызығушылығын, сауаттылығын арттыру, есептеу дағдыларын жетілдіру, алған білімдерін тереңдету.

3. Адамгершілікке сұлулыққа еңбек сүйеге, бір-бірін сыйлауға, әдептілікке тәрбиелеу.


Көрнекілігі: Графопроектор, плакаттар, таблицалар карточкалар.

Барысы: 1. Ұйымдастыру:

Тапқырлар сайысы ойыны 5 кезеңнен тұрады.

Сәлемдесу


- Шақырамыз келіңдер жарысуға
Күш өнер, білімменен алысуға
Бар өнерді салайық ортамызға
Ал кәне, кім шығады сайысуға



1-кезең: «Көп ойламай» (1-Есеп 1 ұпай)

1. Бөлмеде неше мысық бар

Айтыңызшы неше мысық бөлмеде, егер бөлменің әр бұрышында бір мысықтан, әр мысыққа қарсы-үш мысықтан және әр мысық құйрығында бір мысықтан отырған болса.





2-кезең. Білімділер сайысы. (1-Есеп 3 ұпай)

1. Арифметикалық амалдар арқылы 4 санын төрт рет пайдаланып 20-ға теңестіріңдер

2. Арифметикалық амалдар арқылы бес «5» санын «100»-ге теңестіріңдер.

3. 10 балықшы балық аулап 100гр, 200гр, 300гр.....1800гр, 1900гр балықтар аулады. Балықшылар қанша балық ұстады?. Әр балықшының үлесін тап.

3-кезең: «Ойланып тап» (1- Есеп 3 ұпай)

- **1 . Санның оң жағына 6-ны тіркеп жазда, сонда ол 13 есе артты. Бұл қандай сан?**
- **2. Санның оң жағына 36-ны тіркеп жазды, сонда ол 103 есе артты. Бұл қандай сан?**
- **3. 2,4кг май 600 теңге тұрады.1000 теңгеге қанша май келеді?**
- **4. Етік мәсіден 3,5 есе ққымбат тұрады. Ал екеуі 657 теңге тұрады.Әр қайсысы қанша тұрады?**

4 – кезең. «Логикалық есептер шығару» (1-Есеп 1 ұпай)

1. Суға қай кезде қолды кесіп алуға болады?
2. Сыныпта 35 оқушы бар. Қыздар ұлдардан үшке артық. Сыныпта ұлдар қанша, қыздар қанша?
3. Шаршының қабырғасын үш есе үлкейтсе, оның ауданы неше есе үлкейеді?
4. Екі бала шахматты екі сағат ойнады. Олардың әрқайсысы неше сағат ойлады?
5. Әділ тақтаға екі сан жазды. Мейрамбек олардың қосындысын қасына жазды. Жәнібек тақтадағы үш санын қосты. Егер Мейрамбектің жазған саны бес болса, Жәнібек тапқан қосынды нешеге тең?

Кешеге екі ескі екі бағасын нешеге тең

5 - кезең «Кім жылдам?» (1-Есеп 3 ұпай)

4. «Сандар мен әріптер»

3 мин ішінде мына төмендегі сандар мен әріптерді есте сақтауға тырысыңыз. Ал енді мына сөздерді сандар арқылы жазып шығындар

1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
а	л	м	е	с	і	и	ш	к	з

Ал енді мына сөздерді сандар арқылы жазып шығыңдар

Алма

Есік

Кілем

Киім

Шаш

Ешкі



Жауабы

Алма 1 2 31

Есік 4 5 6 9

Кілем 9 6 2 4 3

Киім 9 7 6 3

Шаш 8 1 8

Ешкі 4 8 9 6



6. «Мысық пен тышқандар» (Есеп – 3 ұпай)


Мысық ұйқтап жатып, түс көріпті. Түсінде бір дауыс мысыққа тапсырма беріпті мысықтың айналасындағы 13 тышқанның ішінде 12-сүр, 1-ақ болыпты Мысыққа осы тышқандарды біреуден жеу керек болыпты. Бірақ мысық бұл тышқандарды бір бағытта санағанда әр-бір 13-сін жеу керек екен және ақ тышқанды ең соңында жеу керек екен. Мысыққа көмектесейік



7- кезең. Қорытындылау

1. Оқушылардың жинаған ұпайларын санап жеңімпаздарды анықтап, сыйлықтарды тарату.

2. Сабақты бекіту.



Сабағымыз бітті!

Келесі кездескенше күн
жақсы!

